Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 2 хаттамасы

Тасқала ауылы **14 қараша 2026 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 15:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны - 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны - 7 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, И.М.Бермуханов, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов
Жиналыс хатшысы Б.Бекентаева.

Күн тәртібі:

1. 2026 жылға Тасқала ауылдық округі көшелерінде көгалдандыру жұмыстары:

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл хабарлама жасады:

1. Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері! 2026 жылға Тасқала ауылдық округі көшелерінде көгалдандыру жұмыстары. Осы жұмыстарды талқылап, бір шешім қабылдау керекпіз. Қандай ұсыныс айтасыз?

Қ.Баймагамбетов, жиналыс төрағасы: 2026 жылға Тасқала ауылдық округі көшелерінде көгалдандыру жұмыстары туралы ақылдасу үшін жиналып отырмыз.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Б.Бекентаева: Бұл жұмыстарды да жергілікті кәсіпкерге берейік. Жергілікті кәсіпкерге берген сіздерге де, кәсіпкерге де тиімді.

С.Адилов: Бұл жұмыстарды «Алина» жеке кәсіпкерлігіне беруге болады.

А.Мухтаров: Мен қолдаймын.

М.Залиев: Мен де қолдаймын жергілікті кәсіпкерге жасатуды.

Х.Мергалиев: Мен де қолдаймын.

Қ.Баймагамбетов: 2026 жылға Тасқала ауылдық округі көшелерінде көгалдандыру жұмыстары жұмыстарын жергілікті «Алина» жеке кәсіпкерлігіне беру дауысқа салынады:

қолдағандар- 7 адам;

қарсы- 0 адам;

қалыс- 0 адам.

А.Жамбыл: Ендеше, сіздердің қолдауларыңызбен 2026 жылға Тасқала ауылдық округі көшелерінде көгалдандыру жұмыстары жергілікті «Алина» жеке кәсіпкерлігіне береміз.

Қ.Баймагамбетов, жиналыс төрағасы: Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәртібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

2026 жылға Тасқала ауылдық округін көшесінде көгалдандыру жұмыстары жергілікті «Алина» жеке кәсіпкерлігіне берілсін.

А.Жамбыл: Бүгінгі жиналысымызға қатысқандарыңызға, ұсыныстарыңызға алғыс білдіремін.

Қ.Баймагамбетов: Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер. Сау болыңыздар!

Жиналыс төрағасы **Қ.Баймагамбетов**

Жиналыс хатшысы **Б.Бекентаева**